

2003 жылдың 1 маусымынан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін арттыруды жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 78-ө өкімі

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін арттыруды жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін арттыруды жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобын құрсын;

2) "2003 жылдың 1 маусымынан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын дайындасын және "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін бір апта мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарына зейнетақы төлемдерін арттыруды жүргізуге мамандарды тарту үшін талап етілетін қосымша шығындарды анықтасын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменттері (басқармалары) мамандарының қажетті санын 2003 жылдың 1 маусымынан бастап зейнетақы төлемдерін арттыру жөніндегі жұмысты жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық ор га н д а р ы н а ж і б е р с і н ;

2) 2003 жылдың 1 маусымынан бастап зейнетақы төлемдерін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілік әкімдердің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелсін;

3) зейнетақы төлемдерін арттыру жөніндегі жұмыстың барысы туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әрбір он күн сайын хабарлап тұруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері зейнетақыларды арттыру

мәселелері бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК